

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан)**

**«AMANAT» партиясының әйелдер қанаты
(Қазақстан)**

**Низами атындағы Өзбекстан ұлттық
педагогикалық университеті (Өзбекстан)**

Ош мемлекеттік университеті (Қырғызстан)

Данғара мемлекеттік университеті (Тәжікстан)

**Сейтназар Сейди атындағы Түрікмен мемлекеттік
педагогикалық институты (Түрікменстан)**

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ- ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ МАТЕРИАЛДАРЫ:
«ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ:
ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ»**

**PROCEEDINGS OF THE INTERNATIONAL
SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE
«PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA:
DEVELOPMENT PATHS AND PROSPECTS»**

**МАТЕРИАЛЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ:
«ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ:
ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»**

Астана қаласы
28 мамыр 2025 ж.

УДК 159.9
ББК 88.3
О-72
ISBN 978-601-08-5194-8

Рецензенты:

Перленбетов Мухан Атенович - доктор психологических наук, профессор. Президент "Казахского психологического общества", Академик Казахстанской национальной академии естественных наук
Менлибекова Гульбахыт Жолдасбековна - доктор педагогических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева

Организационный комитет

Председатель: Сыдыков Ерлан Батташевич - Председатель Правления – ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, доктор исторических наук, академик НАН РК, профессор

Сопредседатель: Каринова Шолпан Танатовна - Секретарь партии «AMANAT»

Заместители председателя, Сопредседатели Женского крыла партии «AMANAT»:

Мусралимова Айна Ермаковна - Депутат Мажилиса Парламента Республики Казахстан

Шаукенова Зарема Каукеновна - Академик НАН РК, доктор социологических наук, профессор

Куантаев Нуржан Куантайұлы - Декан факультета журналистики и социальных наук ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат филологических наук, доцент

Оргкомитет:

Мамбеталина Алия Сактагановна - Заведующая кафедрой психологии Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор

Умарова Навбахор Шокировна - Заведующая кафедрой практической психологии Национального педагогического университета Узбекистана имени Низами, доктор психологических наук, доцент (г. Ташкент, Узбекистан)

Гафурова Дилором Джаборовна - Заведующая кафедрой педагогики и психологии Дангаринского государственного университета, доцент, кандидат педагогических наук (г. Дангара Таджикистан)

Жолдошева Акчач Олмасовна - Профессор кафедры психологии Ошского государственного университета, доктор психологических наук (г. Ош, Кыргызстан)

Мурадова Сахрагуль Бабаниязовна - Заведующая кафедрой психологии Туркменского государственного педагогического института имени Сейитназара Сейди, Туркменабат Туркменистан

Члены оргкомитета, редакционная коллегия: Рыскулова М.М., Абенова С.У., Менлибекова Г.Ж., Джексембаева Г.С., Тусупбекова Б.С., Гитихмаева Л.М., Токатлыгиль Ю.С., Айтышева А.М., Ганиева Г.Х., Нагымжанова К.М., Уталиева Ж.Т., Абдыкаликова М.Н., Мандыкаева А.Р., Шнайдер Д.Ж., Умирзакова А.М., Айкинбаева Г.К., Байжуманова Б.Ш., Бекеева Г.С., Карибаева Г.М., Аубакирова Ж.К., Нурадинов А.С., Құнанбаева М.Н.

ISBN 978-601-08-5194-8

Все статьи публикуются в авторской редакции
Барлық мақалалар авторлық нұсқада жарияланған
All articles are published in the author's version

Жинаққа «ОРТА АЗИЯДАҒЫ ПСИХОЛОГИЯ: ДАМУ ЖОЛДАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енгізілген. 28.05.2025 ж., «KazServicePrintLTD» ЖШС Астана қ. - 780 бет
The collection includes materials from the International Scientific and Practical Conference: "PSYCHOLOGY IN CENTRAL ASIA: PATHS AND PROSPECTS FOR DEVELOPMENT." May 28, 2025, «KazServicePrintLTD» LLP, Astana - 780 pages.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции: «ПСИХОЛОГИЯ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ: ПУТИ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ». 28.05.2025, ТОО «KazServicePrintLTD» г. Астана - 780 стр.

Настоящий сборник составлен по материалам международной научно-практической конференции «Психология в Центральной Азии: пути и перспективы развития», состоявшейся 28 мая 2025 года в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева (г. Астана).

Цель конференции - обмен научными знаниями и практическим опытом в области психологии, обсуждение актуальных вопросов психологической науки и образования в странах Центральной Азии, а также развитие академических и профессиональных связей между специалистами.

Сборник адресован научным и педагогическим работникам, ведущим теоретические и прикладные исследования в области психологии, практикующим специалистам, работающим с различными категориями населения, а также представителям смежных сфер. Особое место в целевой аудитории сборника занимают молодые учёные, студенты, магистранты и докторанты, для которых представленные материалы могут служить ценным ресурсом в научной, учебной и практической деятельности.

Материалы публикуются в авторской редакции, редколлегия не несёт ответственность за содержание авторских материалов.

I

**МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР
КОНТЕКСТІНДЕГІ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МЕКТЕПТЕРІ МЕН
ТРЕНДТЕРІ**

**ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ШКОЛЫ И ТРЕНДЫ
ТЮРКСКИХ НАРОДОВ В КОНТЕКСТЕ
КРОСС-КУЛЬТУРНЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ**

**PSYCHOLOGICAL SCHOOLS AND TRENDS OF
THE TURKIC PEOPLE IN THE CONTEXT OF
CROSS-CULTURAL RESEARCH**

5. Çiğdem Tekin. Yaşlılarda yaşam doyumu, iyimserlik, mutluluk ve kan lipidleri ile d vitamini düzeyleri arasındaki ilişkinin incelenmesi, halk sağlığı, anabilim dalı, Tez Danışmanı, Prof. Dr. Gülsen Güneş, Doktora Tezi - 2017

6. Shiva Saeighi Mameghani. Ondokuz mayıs üniversitesi, eğitim bilimleri enstitüsü, eğitim bilimleri anabilim dalı. Rehberlik ve psikolojik danışmanlık bilim dalı. Türkiye ve İran'daki üniversite öğrencilerinin affetme, tolerans ve mutluluk düzeylerinin karşılaştırılması. Danışman: Doç. Dr. Ercümen Ersanli, Doktora Tezi, Samsun - 2017

7. Nesrin Ögüt. Kùltürlerarası duyarlılık düzeyi ile etnikmerkezcilik, yaşam doyumu ve mutluluk düzeyleri arasındaki ilişkinin incelenmesi. Selçuk üniversitesi, sosyal bilimler enstitüsü, halkla ilişkiler ve tanıtım anabilim dalı, halkla ilişkiler ve tanıtım bilim dalı. Doktora tezi, Danışman Doç. Dr. Hasret Aktaş, Prof. Dr. Şükrü Balci, Konya - 2017

8. Gülnaz Karahan. Örgütsel iletişimde işe ilişkin duyuşsal iyilik algısı ile öznel mutluluk arasındaki ilişkinin incelenmesi: Türkiye'de havayolu şirketlerinde kabin memurları üzerine bir alan araştırması, doktora tezi - 2018

УДК 159.922.76

ЖЕТКІНШЕКТЕРДЕГІ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ: ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІНЕН

МЫРЗАҚАСЫМ АЙЗАДА ЕСІЛБЕКҚЫЗЫ
Дағдарыс психологиясы БББ 2 курс магистранты
Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
Aizada_03.31@mail.ru
Ғылыми жетекшісі — Байжуманова Б.Ш.
Пс.ғ.к., доцент

Аннотация. Мақала Қазақстандағы жеткіншектер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу мәселесіне арналған. Авторлар жеткіншектік кезеңнің психологиялық ерекшеліктеріне тоқтала отырып, суицидтік мінез-құлықтың жиілеуінің себептерін және осы саладағы алдын алу шараларының маңыздылығын негіздейді. Мақалада Қазақстан Үкіметі мен халықаралық ұйымдардың (атап айтқанда, ЮНИСЕФ) осы мәселені зерттеуге және шешуге бағытталған бастамалары, жүргізілген зерттеулердің (психологиялық аутопсия, эпидемиологиялық мониторинг, тереңдетілген сұхбаттар) мақсаттары, әдістемесі мен негізгі міндеттері сипатталады. Сондай-ақ, Қазақстандағы психолог қызметінің жеткіншектер суицидінің алдын алудағы жүйесі, оның негізгі бағыттары (ақпараттандыру, ата-аналармен және мектеп қызметкерлерімен жұмыс, медициналық мекемелермен ықпалдасу, үздіксіз көмек) талданады. Мақала қоғамдағы стигманы азайту және психикалық денсаулық мәдениетін дамыту қажеттілігін атап өтеді.

Түйінді сөздер: жеткіншектер суициді, суицидтік мінез-құлық, алдын алу, психологиялық денсаулық

Қазіргі қоғамда жеткіншектердің психикалық денсаулығы өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әсіресе, суицидтік мінез-құлықтың жиілеп кетуі бұл салада жүйелі алдын алу шараларын қажет ететінін айқын

көрсетуде. Жеткіншектік кезең – тұлғаның қалыптасуы мен ішкі жан дүниесінің күрделі өзгерістерге ұшырайтын ерекше кезеңі. Бұл уақытта жеткіншектер психологиялық тұрғыдан тұрақсыз, эмоциялық өзгерістерге бейім, өз-өзіне сенімсіз болуы мүмкін, соның салдарынан олар өмірлік қиындықтармен күресуде деструктивті жолдарды таңдауы ықтимал.

Қазақстанда суицид деңгейінің жоғары болуы, әсіресе жеткіншектер арасында бұл мәселені терең зерттеп, алдын алу жұмыстарының тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы орайда, мектеп психологтарының, әлеуметтік педагогтардың және басқа да мамандардың үйлесімді қызметі маңызды рөл атқарады. Алайда психологтар тарапынан көрсетілетін көмектің мазмұны, әдістері мен тиімділігі әлі де жүйеленіп, ғылыми тұрғыда терең зерттеуді қажет етеді.

Қазақстан Үкіметі, әсіресе ел жастары арасында өзекті болып отырған суицид мәселесін қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы күрделі проблема ретінде барған сайын көбірек мойындап отыр. Бұл бағытта Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен тығыз ынтымақтастықта БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) «Қазақстандағы суицид пен суицидтік әрекеттердің таралуы, терең себептері, тәуекел және қорғаныш факторлары» тақырыбында зерттеу жүргізуге қаржылық және сараптамалық қолдау көрсетілген [1].

Аталған зерттеудің мақсаты – еліміздегі суицид пен суицидтік әрекеттердің таралуын, олардың астарлы себептері мен тәуекел және қорғаныш факторларын жан-жақты талдау болған. Зерттеу барысында суицидтік мінез-құлықтың барлық қырлары – суицидтік ойлар, суицид жасау әрекеттері және аяқталған суицид жағдайлары – қарастырылған. Мұндағы басты мақсат – мұндай мінез-құлықпен байланысты әлеуметтік-демографиялық және психопатологиялық ерекшеліктерді анықтау, сондай-ақ алдын алу шараларын нақты бағыттауға мүмкіндік беретін негізгі тәуекел және қорғаныш факторларын айқындау болған.

Зерттеу аясында халықаралық сарапшылар тобы тартылып, ЮНИСЕФ, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология ғылыми-практикалық орталығы, жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық қоғам ұйымдарының қатысуымен ұлттық ғылыми-зерттеу тобы құрылды. Бұл топ зерттеу әдістемесін нақтылап, қамтылатын аймақтарды және қажет жергілікті ресурстарды айқындаған, зерттеудің әрбір қосымша жобасы бойынша жұмыс жүргізілген (мысалы, отбасылармен және мектептермен байланыс орнату, сұхбаттар мен сауалнамалар өткізу және т.б.).

Зерттеу үш негізгі қосалқы жобаны қамтыды:

1. Қазақстанның бес өңірінде психологиялық аутопсия әдісі негізінде аяқталған суицид жағдайларын тіркеу мен талдау жүйесін құру;
2. Шығыс Қазақстан облысында суицид жасау әрекеттеріне қатысты эпидемиологиялық мониторинг жүйесін енгізу;
3. Сол өңірде суицидтік ойлар мен әрекеттердің таралуын және тәуекел факторларын бағалау.

Бұл жобалар психолог қызметінің жүйесін жетілдіруге, әсіресе жеткіншектер арасындағы суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бағытында тиімді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. ЮНИСЕФ есебінде бұл қосалқы жобаларға қатысты толық мәлімет берілген [2]. Аталған ауқымды зерттеу суицидтік мінез-құлықты тереңірек түсіну мақсатында үш қосалқы жоба аясында әртүрлі әдістерді қамтыды. Психологиялық аутопсия әдісі Қазақстанның 5 өңірінде 12–29 жас аралығындағы балалар мен жастар арасындағы 100 суицид жағдайын және салыстыру үшін 100 жол-көлік оқиғасы салдарынан қайтыс болу жағдайын талдаған. Шығыс Қазақстан облысында суицид жасау әрекеттеріне мониторинг жүргізіліп, өз-өзіне қол жұмсауға әрекеттенген жеткіншектер мен жастармен егжей-тегжейлі сұхбаттар өткізілген. Сонымен қатар, осы өңірдің білім беру мекемелерінде шамамен 3000 жеткіншекпен тереңдетілген сұхбат жүргізілді. Халықаралық зерттеу тобын профессор Марко Саркьяпоне басқарды. Ол Қазақстандағы зерттеуді жүргізуге тартылған жергілікті мамандарды оқыту жұмыстарын жеке өзі жүзеге асырды. Оқыту үдерісі арнайы әдістемелік нұсқаулықта толық сипатталған. Үш қосалқы жоба бойынша оқытуға психикалық денсаулық және суицид саласына эпидемиологиялық әрі ғылыми кіріспе, сондай-ақ бүкіл жоба мазмұны енді. Қатысушыларға бағалау құралдары мен мәліметтерді енгізу процедуралары бойынша практикалық нұсқаулар мен ұсыныстар берілген [3].

Сабақтар дискуссия, рөлдік ойындар және практикалық тапсырмалар форматында ұйымдастырылып, қатысушылардың белсенді қатысуына, күрделі жаңа ұғымдар мен зерттеу әдістерін дұрыс меңгеруіне жағдай жасалды. Бұл тәсілдер зерттеу нәтижелерінің сапасын арттыруда маңызды рөл атқарды.

Зерттеудің негізгі міндеттері төмендегідей болды:

1. Суицидтік мінез-құлықтың терең себептері мен тәуекел және қорғаныш факторларын анықтау, олардың қысқа және ұзақ мерзімді әсерлерін, сондай-ақ елдің әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін ескере отырып талдау;

2. Суицидтік ойлар, суицид жасау әрекеттері және аяқталған суицид жағдайларының таралуын бағалау және суицидтік мінез-құлыққа эпидемиологиялық мониторинг жүргізу;

3. Суицид жасау әрекеттері мен аяқталған суицид жағдайларын анықтау, тіркеу және бағыттау механизмдерін әзірлеу бойынша ұсынымдар ұсыну;

4. Суицидтік мінез-құлық танытқан балалар мен жастарға және олардың отбасыларына көрсетілетін қызметтер мен көмекті талдау;

5. Суицидтік мінез-құлық жағдайларын азайтуға бағытталған қысқа, орта және ұзақ мерзімді нақты жүзеге асырылатын шаралар мен саясаттарды әзірлеу жөніндегі ұсынымдар дайындау, оның ішінде ЮНИСЕФ қолдауымен жүзеге асырылатын бағдарламалар мен коммуникациялық стратегиялар үшін де ұсыныстар әзірлеу;

6. Клиникалық мамандарға, білім беру саласы қызметкерлеріне және шешім қабылдаушы тұлғаларға арналған ақпараттық материалдар мен ұсынымдарды әзірлеу;

7. Осы зерттеудің нәтижелері мен қорытындыларын медицина, білім беру және басқару салаларында тарату [3].

Аталған бағыттар «Суицидтің алдын алу бойынша Қазақстандағы іс-шараларды бағалау: Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстары» есебі аясында Қазақстандағы *психолог қызметінің жүйесін* дамыту мен жеткіншектердің суицидтік мінез-құлқының алдын алу бойынша ұлттық шараларды тиімді жүзеге асыруға ғылыми және практикалық негіз болып табылады. Қазіргі уақытта Қазақстанда жеткіншектер арасындағы суицидтің алдын алуға бағытталған психолог қызметінің жүйесі әлемдік тәжірибеде тиімді деп танылған әдістерге негізделіп құрылуда. Бұл жүйе бірнеше маңызды бағыттарды қамтиды [4]:

1. *Ақпараттандыру және алдын алу бойынша оқыту*: Психологтар суицидтің алдын алуға байланысты қоғамда ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын белсенді түрде жүргізуде. Бұл жұмыстар жеткіншектердің ғана емес, ата-аналар мен педагогтардың да психикалық денсаулық туралы білімін арттыруды көздейді. Сонымен қатар, білім беру ұйымдарының психологтарына, медициналық қызметкерлерге және әлеуметтік жұмысшыларға суицидтік қауіптің белгілерін ерте анықтау және оған ден қою бойынша арнайы оқыту курстары өткізіледі.

2. *Ата-аналармен жұмыс және стигманы төмендету*: Психолог қызметінің маңызды құрамдас бөлігі — ата-аналармен жұмыс жүргізу. Қазіргі жүйеде психологтар ата-аналарға психикалық денсаулық пен суицидке қатысты стигманы жеңуге көмектесіп, олардың алдын алу шараларына белсенді қатысуына ықпал етеді. Бұл бағытта ақпараттық семинарлар, жеке кеңестер және отбасылық сессиялар ұйымдастырылады.

3. *Мектеп және колледж қызметкерлерін даярлау*: Психолог қызметінің жүйесінде білім беру ұйымдарының барлық қызметкерлерімен өзара іс-қимыл орнату ерекше мәнге ие. Мектеп/колледж мұғалімдері мен әкімшілігіне суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша тренингтер өткізіліп, олармен тығыз кәсіби байланыс орнатылады. Психологтар оқу орындарында оқушылардың психологиялық жағдайын бақылау, тәуекел топтарын анықтау және оларға көмек көрсету бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді.

4. *Медициналық мекемелермен ықпалдасу*: Психолог қызметі денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесе отырып, жеткіншектерге психологиялық көмек көрсетудің кешенді үлгісін қалыптастыруда. Бұл жүйе психиатрлармен, неврологтармен және жалпы практика дәрігерлерімен тығыз байланысты қамтиды. Жеткіншектерге көмек көрсету кезінде медициналық мекемелермен ақпарат алмасу және жолдама беру тәртібі реттеліп, көпсалалы қолдау қамтамасыз етіледі.

5. *Үздіксіз көмек пен сүйемелдеу жүйесі*: Суицид қаупі бар жеткіншектермен жүргізілетін жұмыс тек бір реттік көмекпен шектелмей, ұзақ мерзімді сүйемелдеуді талап етеді. Қазіргі жүйеде психологтар алдын ала скринингтен бастап, психокоррекциялық жұмыс пен кейінгі оңалтуға дейінгі барлық кезеңдерде жеткіншектермен тұрақты байланыста болады.

Бұл — сенімді қарым-қатынас орнатуға, психологиялық тұрақтылықты қалыптастыруға және қайталану қаупін азайтуға бағытталған.

6. Ұйымдастырушылық және үйлестіруші рөл: Психологтар жергілікті және аймақтық деңгейде суицидтің алдын алу бағдарламаларын ұйымдастыруда, үйлестіруде белсенді рөл атқарады. Олар профилактикалық іс-шараларды жоспарлап, жүзеге асырумен қатар, басқа мамандардың іс-әрекетін келісу мен үйлестіруді де жүзеге асырады [4].

Жеткіншектер арасындағы суицидтік мінез-құлық — бүгінгі таңда Қазақстандағы маңызды әлеуметтік және психологиялық мәселелердің бірі болып отыр. Бұл құбылыстың күрделілігі оны шешуде кешенді, ғылыми негізделген тәсілдерді қажет етеді. ЮНИСЕФ пен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің бірлескен зерттеулері елімізде суицидтің таралу деңгейін, себептері мен қауіп факторларын анықтап, тиімді алдын алу шараларын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Аталған зерттеулер мен тәжірибелердің негізінде Қазақстанда психолог қызметінің жүйесі біртіндеп нығайып, жаңғырып келеді. Бұл жүйе психологиялық көмек көрсетудің көпдеңгейлі құрылымын қамтиды: ақпараттандыру, ата-аналармен және мектеп қызметкерлерімен жұмыс, медициналық мекемелермен ықпалдасу, кәсіби оқыту және үздіксіз сүйемелдеу. Әсіресе, мектеп пен колледж психологтарының, медициналық қызметкерлер мен ата-аналардың өзара тығыз әрекеттестігі суицидтің алдын алу ісінің тиімділігін арттыра түседі.

Сонымен қатар, суицидке қатысты қоғамдағы стигманы азайту, психикалық денсаулық мәдениетін дамыту және жеткіншектердің көмекке жүгіну деңгейін арттыру — қазіргі психолог қызметінің басым бағыттарының бірі болып қала береді. Осы бағыттағы жүйелі, үйлесімді және ғылыми негізделген шаралар ғана жеткіншектер арасындағы суицидтің алдын алуға нақты ықпал ете алады. Жалпы алғанда, Қазақстандағы психолог қызметінің қазіргі жүйесі — жеткіншектерге психологиялық қолдау көрсетудің маңызды тетігі болып табылады және оның әрі қарай дамуы ұлттық деңгейде қолдау табуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. UNICEF. Қазақстанда суицид және суицидке әрекет ету жағдайларының таралуы, терең себептері, қауіп және қорғаныш факторлары туралы зерттеу. – Астана: ЮНИСЕФ, 2013.
2. World Health Organization (WHO). Preventing suicide: a global imperative [Суицидтің алдын алу: жаһандық императив]. – Geneva: WHO, 2014. – Қолжетімді: http://www.who.int/mental_health/suicideprevention/world_report_2014/en/
3. Саркьяпоне М. Базовые принципы и лучшие практики предупреждения суицида среди детей и подростков // Состояние и перспективы развития социально-психологической службы в системе образования Республики Казахстан: материалы Республиканской научно-практической конференции. – Астана, 2012. – Б. 20–25.
4. Суицидтің алдын алу бойынша Қазақстандағы іс-шараларды бағалау: Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстары: толық есеп / жетекшісі Д. Вассерман; Камилла Вассерман, Тони Дарки және т.б. – Астана: ЮНИСЕФ Қазақстандағы бағдарламасы, 2014. – 120 б.